



ПРИОЗЕРСКИЙ ВЕСТНИК

№ 45/741

12 ноября 2021 года

Тәуелсіздік жетістіктері

Новости Акорды

15 ҚАРАША – ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА - ТЕНГЕ КҮНІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ТӨЛ МЕРЕКЕ

Бүгінгі күн еліміздің күнтізбесінде де, тарихында да орны бөлек күн. Осыдан 28 жыл бұрын Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы – теңгенің айналымға енгізілген күні. Осы күн елімізде сонымен қатар, қаржыгерлердің кәсіби мерекесі ретінде деп аталып өтіледі. 1993 жылы 12 қарашада ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «ҚР-ы Ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлығы шықты, ал, 15 қараша күні теңге айналымға енгізілді.

Жаңа валютаның атауына қатысты да бірқатар ұсыныстар болған. Елбасы Н.Назарбаев «Алтын» атауын ұсынды. Кейін жаңа ақшаны «теңге» деп атау туралы шешім қабылданды. «теңге» сөзі бастауы орта ғасырлардағы түркі мемлекеттерінің күміс ақшасы «денге», «тандаған» алады. Осы сөз орыстың «деньги» сөзіне де арқау болғанын айта кету керек.

Қарашаның 13-і барлық газеттер жаңа валютаның суреттерін берді. Ақша купюрасы теңге мен қағаз тиындар, ауыстыру тәртібі туралы республикалық, облыстық баспасөз хабарлап жатты. Ал қарашаның 15-інен 20-сына дейінгі уақыт сомды теңгеге ауыстыру үшін берілді. Тура алты күнде халық қолдағы ақшасын тәуелсіз елдің валютасына айырбастауы керек еді. 1993 жылдың қарашасында теңгенің айналысқа шығарулы біздің жас тәуелсіз республикамыздың жылынамасындағы ең маңызды оқиғалардың бірі болып табылады. Ол еліміздің тәуелсіздігін нығайту жолындағы түбегейлі әулеттік-экономикалық реформаларды жүргізу үшін қажетті тарихи қадам болды. Ал осы жылы қарашаның 22-сінде зейнетақы мен еңбекақы теңгемен беріле басталды.

2006 жылы Ұлттық валюта кескіні



түбегейлі өзгертілді. Онда бұрынғы үлгіде болған данқты тұлғалардың бейнелері алынып тасталды. Жаңа үлгіде банкноталар бірыңғай стильде орындалған, суреттер бет жағында негізінен тігінен, сырт жағында көлденеңінен орналған. Тұтастай алғанда, дизайн Қазақстанның қазіргі бейнесін көрсетеді, барлық мемлекеттік нышандар, сәулет объектілерінің және елдің табиғат ландшафтарының бейнелері кіреді.

Бүгінде қазақстандық банкноталар 15 деңгейлі қорғаныс қабатына ие, қолдан жасау мүмкіндігі барынша шектелген қаржылық айналым құралы болып саналады.

Теңгені қалыптастыру және нығайту жолында күн сайын біздің елдің қаржыгерлері - өз ісінің кәсіби мамандары ерекше үлес қосуда.

Сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің нәтижесінде, біздің экономикамыз үдемелі дамып келе жатқан өнеркәсіптің орталығы ретінде қалыптасты.

Мерейлі мереке күні қарсаңында қаржы ісінің барлық қызметкерлерін, осы маңызды саланың өсіп өркендеуіне атсалысқан ардагерлерді кәсіби меркелеріңізбен шың жүректен құттықтай отырып, жаңұларыңызға амандық, мол табыс және қаржыгерлік қызметте үлкен жетістіктер тілейміз.

Т.Д.Манаков,

Приозерск қалалық қазынашылық басқармасының басшысы

КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОКАЕВ ОБРАТИЛСЯ К УЧАСТНИКАМ КОНГРЕССА ФИНАНСИСТОВ КАЗАХСТАНА

НҰР-СУЛТАН. КАЗИНФОРМ - Касым-Жомарт Токаев поздравил участников с открытием Конгресса финансистов Казахстана и подчеркнул, что это очень важное событие для нашей страны, передает МИА «Казинформ» со ссылкой на пресс-службу Акорды.

– Символично, что в этом году мероприятие проходит накануне Дня национальной валюты и 30-летия нашей Независимости. Казахстанский тенге – неотъемлемый атрибут нашей государственности. В начале 1990-х годов мы осуществили основные рыночные реформы, модернизировали финансовую систему. С учетом лучшей мировой практики был кардинально преобразован банковский сектор. Была создана полноценная финансовая инфраструктура. Это позволило сконцентрировать и эффективно использовать необходимые ресурсы. Также были созданы условия для привлечения крупных инвестиций, – сказал Глава государства. По мнению Президента, конкурентоспособность финансовой сферы Казахстана была достигнута благодаря продуманной государственной политике. – Финансовый сектор Казахстана признан самым передовым в регионе. Сегодня его совокупные активы превышают 35 трлн тенге, что составляет более половины валового внутреннего продукта страны, – заявил Касым-Жомарт Токаев. Глава государства отметил, что в начале прошлого года мало кто мог предположить, что пандемия коронавируса и ее последствия окажут столь разрушительный эффект на мировую экономику. Последовавшее за ней падение рынков стало одним из самых значительных за последние сто лет. – Беспрецедентные меры, принятые государственными и международными институтами, позволили в целом остановить дальнейшее ухудшение ситуации. Однако неопределенность в сырьевой, торговой и финансовой сферах все еще сохраняется. Дальнейшее поступательное развитие финансовой отрасли с учетом глобальных рисков и тенденций является одним из приоритетов государства. При этом ее ключевой задачей остается поддержка экономического роста страны. Государство в самые непростые



периоды всегда поддерживало отечественный финансовый сектор. Благодаря этому сегодня банки достаточно устойчивы и располагают большим потенциалом для кредитования экономики. Поэтому они обязаны взять на себя роль одного из главных двигателей динамичного восстановления экономики и ее дальнейшей диверсификации, – считает Президент.

Глава государства отметил необходимость активного развития отечественного фондового рынка, включая Международный финансовый центр «Астана», который должен стать еще одним важным источником финансирования экономики. По словам Президента, на текущем этапе следует также учитывать вызовы, связанные с «зеленым разворотом» глобальных финансовых институтов, глубокой цифровизацией финансовых услуг.

– Эти вопросы требуют серьезного обсуждения и поиска сбалансированных решений. Последовательное развитие данных направлений откроет дополнительные возможности для усиления конкурентоспособности нашей страны. В конечном счете перед госорганами, регуляторами и финансовыми институтами стоит одна общая задача – повышение благосостояния нашего народа, – резюмировал Касым-Жомарт Токаев.

В завершение Президент выразил уверенность, что мероприятие будет способствовать выработке эффективных мер по укреплению финансового сектора страны, и поздравил работников финансовой системы с профессиональным праздником.

Источник: <https://www.inform.kz/>

Отанға қызмет ету

ГАРНИЗОНДА ӘСКЕРИ БОРЫШЫН ӨТЕГЕН САРБАЗДАРДЫ ШЫҒАРЫП САЛУ РӘСІМІ ӨТТІ

Халық батыры, данқты қолбасшы Бауыржан Момышұлының: «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттіктің қасиеті» деп бекер айтпаса керек. Дәл солай ер азамат болып, жүректілік танытқан «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлеріне қарасты 06708 әскери бөлімінің мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілері Отан алдындағы борыштарын абыроймен атқарып, үйлеріне оралады.

Өткен жылдың күзінде Түркістан облысынан әскер қатарына шақырылған жігіттердің қатары осы әскери ортада әскери өмірдің қырсырын менгеріп, өздеріне

берілген жауынгерлік тапсырманы адал орындап шықты.

Жеке құрам алдында бөлім командирі подполковник Есжан Батырбеков сөз



сөйледі.

–Биылғы жылы егемендікке қол жеткізгендігіміздің 30 жылдығы орай әскери қызметтің әлеуетін арттыру жолында адал қызмет ету – осында сап түзеген бәріміздің қасиетті борышымыз, – деді ол.

Белгіленген тәртіпке сай, салтанатты іс-шарада запасқа шығатын мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілер көп жылдық тарихы бар әскери бөлімінің Жауынгерлік туымен қоштасты.

Іс-шара барысында, әскери қызметте белсенділік танытқан мерзімдік қызметтегі әскери қызметшілерге 06708 әскери бөлі-



мінің басшылығы атынан мақтау қағаздары мен алғыс хаттар табыс етілді. Жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілген салтанатты жиын соңында запасқа шығатын әскери қызметшілер естелік суретке түсті.

Думан Құрманғалиев,
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

БИЫЛ ҚАСТЕРЛІ ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗГЕ 30 ЖЫЛ



Алаш баласын шексіз қуанышқа бөлеген, арманымызды ақиқат еткен, іргелі ел, дербес мемлекет екенімізді әлемге жария қылған Тәуелсіздігіміздің орда-

лы 30 жылдығы. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңға қол қойды, ал Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті болып сайланды.

2021 жылы 5 ақпанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысы өтті. Мемлекеттік комиссияның отырысын аша отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан

Приозерск қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы

Рухани жаңғыру аясында

ҚАМШЫ – ҚАЗАҚТЫҢ КИЕСІ



Ежелден қазақ халқының өмір-тіршілігі қамшы құралымен тікелей байланысты екендігіне сөз жоқ. Қамшыны мал қайыруға, қолікті жүргізуге, жасуершілікке, наным-сенім құралы ретінде және т.б. қажеттіліктері үшін пайдаланған. Қасиетті һәм киелі зат санаған. Осынау ұлттық құндылығымыздың қасиетін қазіргі жас ұрпақ біле ме?

Бүгінгі әңгіменің өзегі ретінде қамшы жайындағы деректерді газет оқырмандарының назарына ұсынамыз.

Бірде жасы кеп қалған қария ұлдарын сынамақ болып алдына шақырып алып, үш қамшы ұсынады. Таңдау еркі берілгендіктен кіші ұлы әшекейлі тұяқ сапты қамшыға бас салады. Ортаншысы тобылғы сапты қамшыға тоқтаса, үлкен ұлына тасуекені мүйізінен жасалған қамшы мұрагерлікке тиеді. Сонда әкелері тұрып, кішісіне:

–Балам-ай, жасың болса әлі отызға да жеткен жоқ. Тұяқ сапты қамшыны жасы елуге келіп қалған ел ағалары ұстайды. Өйткені олардың бала-шағасы бар, басым жалғыз қалады-ау деп қорықпайды. Сен болсаң осы жалғыз басты тұяқтай жалғыз болып қалмақсың, отбасын құрып өрістейін десең, тобылғы сапты қамшыны алуың керек еді, - деп қатты кейиді. Сәл кідіріп, ортаншы баласына:

–Ағаң мүйіз сапты қамшыны алды, ол билікте болады. Ал сенің малың көбейіп, бала-шағаң көп болып, тобылғыдай топ болып өсіп-өнесіңдер, - деген екен.

Ал біз қамшы жайында қаншалықты білеміз? «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» - десең те, қамшының қасиетін жоққа шығара алмаспыз. Замана көшімен ілесіп, бүгінге жеткен бұл құндылығымыз құлдырай қоймас. Десе де, батыстан бата алған бүгінгі буынның баба мұрасын ұмытып қалғаны да жасырын емес. «Тұлпарымның тағасы, баламның бағасы түспесін» деген бабаларымыз қамшыны түгіннен-тегін ер қаруы – бес қарудың қатарына қоспаса керек.

Қазақ «қамшы ұл болсаң, қолыңда ойнайды, құл болсаң, төбеге ойнайды» деген. Осы бір ұлағатты ұғымнан-ақ қамшының қадір-қасиетін байқауға болады. Бабаларымыз қамшыны қайсарлық пен ерен ерліктің белгісі деп қана санаған жоқ. Кие тұтып, төріне шығарған. Бесіктегі баласының басына жастатып, бағасын

Елбасының басшылығымен тәуелсіздік жылдарында барлық қиындықтарды жеңіп, қуатты мемлекет болғанын атап өтті. Осы уақыт ішінде халықтың еркін санасы қалыптасып, егемен елдің жаңа да жасампаз ұрпағы өсті. Қазақстан әлемде мәртебелі мемлекет ретінде орнықты. Әрине, бұл уақыт ішінде мақтануға тұратын, мемлекеттігімізді нығайтып, бүкіл әлемге паш етуге лайықты талай ауқымды істер жасалды. Дегенмен, Тәуелсіздік осы отыз жылмен шектелмейді. Оған жетудің тарихы, қазағымыздың көрген қасіреті бір жағында тұрса, екінші жағында елдігімізді, егемендігімізді сақтап, оны келешек ұрпақ үшін нығайту ісінің тұрғаны сөзсіз.

Тамыры терең, қазығы берік осындай елі бар мемлекеттің Тәуелсіздігі де баянды болады. Мемлекетіміз мәңгілік жасай берсін! Жаңа жылда – Тәуелсіздіктің 30 жылдығында алар асуларымыз көп болғай!

Бүгін кешкісін Алматы шаһарында тұратын, бүгінгі күні Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияның үшінші курс түлегі Әселіміз ата-әжесіне сәлем бере келіп, үйімізге үлкен қуаныш шуағын да қоса алып кірді. Томағатұйық болса да, жымыя күлімдеп жүретін келбетінде жақсы бір жаңалықтың белгісі сезіледі. Қолөмкесінен жапырақтай диплом мен қобыз бейнеленген алтын түстес мүсінді алып, «қызыңыз Қарағандыдан жүлдегер болып келе жатыр», - деп ұсынып жатыр бізге. Әрине, мұндай үлкен жетістікке қалай қуанбайсың, жабыла құттықтап жатырмыз.

Әңгіме төркінінен білгеніміз, Қарағанды облысының әкімдігі Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен өткен Тәттімбет Қазанғұпұлы атындағы VIII Республикалық халық аспаптарында күй орындаушылар конкурсына қатысып, конкурстың қылқобыз аталымы бойынша екінші орынға ие болып, лауреат атанып келе жатқан беті екен. Бүгін түнде Алматыға жол жүретіндіктен, қуанышын бөлісейін, ата-әжеме сәлем берейін, Айлин сіңілісің көре кетейін деп келген Әсел қызымның жеңісіне біз де шаттандық, мәртебеміз өсіп қалды. Бұл жеңіс тек біздің әулеттің ғана емес, өзінің туып-өскен қаласы Приозерск қаласының да жеңісі деп білеміз. Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойы аясында Елордада өткен Халықаралық ұлт аспаптары орындаушыларының байқауына қатысқанда Әсел Уәлиқызы Қыдырмұрат әлі жасөспірім болатын. Өнер мектебінің қабырғасында жүріп, осындай ауқымды бәйгеден ол кезде бас жүлдені қанжығасына байлап қайтқан еді.

–Қылқобыз аталымы бойынша бірінші



Сонымен, қамшы түрлерін білгенімізше біз айтып көрейік. Сонымен, бабаларымыз қамшыны – «ат қамшы», «дырау қамшы», «дүре қамшы», «күдері қамшы», «дойыр қамшы», «орама қамшы», «шыбыртқы сапты қамшы», «тобылғы сапты қамшы», «сайтан қамшы», «жыланбауыр қамшы», «шапшақты қамшы» секілді көптеген түрге бөлген. Әр қамшы атқаратын қызметіне байланысты ерекшеленіп отырған. Тобылғы сапты қамшымен топта көсіліп сөйлеп, еркіндік рухын сезінген шешендер жауын қызыл тілмен жайратқанын тарихтан білеміз. Тобылғы – қазақ секілді табиғатынан шыдамды ағаш. Оны бабаларымыз тек желтоқсан айында аршып алып, өсімдік майын жағып, күн көзі түспейтін жерде кептірген. Тобылғы сапты алудың осы бір технологиясы сақталса, қамшы сабы болаты берік болған. Ал енді неге желтоқсан айы дегенге келсек, себебі бұл айда тобылғы ағашы Жер-Анадан нәр алуын тоқтатып, бойын жинай бастайды. Табиғатпен санасу деген осы болар. Тобылғы сапты қамшының өзі атқаратын қызметіне байланысты бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен, «бәйге қамшы» аты айтып тұрғандай бәйгеге шабатын шабандоздар тұлпарының шабысын үдетерде қолданған. Тобылғы сабының ұзындығы төрт тұтамы құраса, оның өрімінің ұзындығы шынтақтан шынашаққа дейінгі өлшеммен өлшенеді.

Неке қамшысы – бала ержетіп, кәмелет жасына келгенде, отау құрар кезінде ол дос-жораларын шақырып алып: «Мен үйленемін. Маған жігіт жолдас (күйеу жолдас) керек», - дейді екен. Жолдастары қамшыларын бір жерге құпия жинап келіп алдына тастағанда үйленетін жігіт соның ішінен ең жақсысын тандап алып, қамшы иесін өзіне жігіт жолдас етіп тағайындайды. Сондай-ақ тобылғы сапты қамшының қатарына «үйір қамшыны» да қосуға бола-



орынды да өзімің құрбым жеңіп алды. Сөйтіп біз, алматылықтар қарағандылықтардан басып оздық, - деп күледі Әсел.

Қаламызда өсіп-жетіліп, еліміздің әр түрлірінде оқып жатқан немесе сол жақта қалып, қазақ елі үшін қызмет етіп, үлкен жетістіктерге жетіп жүрген жерлестерімізге біз де әрдайым тілектеспіз, олардың жеңістеріне қуана қол соғып отырамыз. Ұлттық өнерді әлемге насихаттайтын өскелең ұрпақтарымыз көп болғай!

Нұрғали ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ,
Суретте: Әселдің мараматы.

Бұл қамшыны негізінен жылқы-шылар ұстайды. Өрімінің араларын үш шығыршық біріктіргендіктен ұзын етіп жасалады. Түйе айдайтын үйір қамшыны «шыбыт қамшы» деп атайды. Шеберлер қамшының өрімін мықты қайыстан өреді. Оларды өрімшілер деп атаған. Негізінен, қамшылар үш таспадан қырық таспаға дейін өрілген. Бұрындары әрбір ауылда айтулы өрімшілер болған деседі. Олар қамшыны әбден иленген сиыр терісінен де өріп отырған.

Сонымен қазақ тұрмысында қамшының мән-маңызы өте зор екенін білдік. Ұлы сөзде ұяттық жоқ. Тіпті, бабаларымыз қысық қабырғадан жаратылған қатындары кикарланса, разы еместіктерін жый ғана қамшы дәмімен білдіріп отырған. Бүгінгідей кит етсе, жұдырық ала жүгіріп, жарының жүзіне дақ салмаған. Сол секілді қаныңды тулататын, қамшыгерлік өнерің де кенжелеп қалуы бүгінгі болмысымыздың майдаланғандығына тікелей қатысты. Көңіл көкжиектері кең сал-сері бабаларымыз:

**Қамшымың сабы еліктің сирағынан,
Жиын, той – іздегенім, жиғаным – ән.
Атымды сәнмен сипап қамшыланым,
Қалқаның келе жатам үй жағынан! –
деп ән шырқаған.**

**Ал бүгінгің серілері:
Жүрміз ғой қыз біткенге барып та сан,
Кафедә кездесемін жалықпасам.
Тұлпарым – әкем берген**

«Лексус-пенен»,
**Аруды келісем де алып қашам! – деп
ән шырқайтындай.**

Қамшы қадірлі болмаса, дәретін бұзбаған бабаларымыз көкпарды тақымға басарда қамшыны ауызға алмаған болар еді. Біз ше? Ел шетін жау шапқанда да, жайшылықта да қазақтың қолынан қамшы түспеген, ырысым деп ырымдаған. Мүмкін, осы күні біздің қолымыздан қамшы түскен соң қам-қарекетіміз сұйылайын деген шығар. Кім білсін?! Қазақ айтқыш халық қой, «өмір қамшының сабындай ғана» деген тәмсілдің өзінде терең философия жатыр. Қамшының сабы қысқа, өмір де қысқа! Бірақ екеуі де – ұзын жолды нұсқаушы. Міне, қазақтың көргенділігі, қамшының қасиеті!..

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

МҮГЕДЕКТЕР МҮДДЕСІ – МЕМЛЕКЕТ ҚОРҒАУЫНДА

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы Қарағанды облысының прокуратурасы тарапынан заңдылықты бұзушылықты жою туралы облыс әкімі Ж.М.Қасымбековке жолданған Ұсыну біздің қаламыздың құзырлы орындарына да келіп түсті. Онда облыс прокуратурасы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған заңнаманың қолданылуына талдау жасады. Аталған талдауды қаламызға қатысты тұстарын газет оқырмандарының назарына ұсынамыз.

«Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 14-бабына сәйкес



мүгедектер Конституциямен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке басының құқықтары мен бостандықтарына толығымен ие болады. Мемлекет әлеуметтік қорғау және оңалту, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету, білім алу, қызмет түрлерін еркін таңдау, кәсіптік даярлау және қайта даярлау, жұмысқа орналасу, тегін медициналық көмек алу, тұрғын үй алу, ұйымдарда бірінші кезекте қызметтерді алу және т.б. құқықтарына кепілдік береді. Осыған қарамастан, мүгедектердің аталған құқықтарының барлығы бұзылып, бұл саладағы жағдай жылдан жылға өзгермей, уәкілетті органдар тарапынан тиісті шаралар қабылданбайды.

Қарағанды облысы мүгедектер саны (67 000) бойынша алда болуына байланысты барлық мүдделі органдардың бірінші кезектегі міндеті әлеуметтік және көлік инфрақұрылымдарына қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады. Заңның 25-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар келесіні қамтамасыз етуге міндетті: елді мекендерді жобалау, салу және дамыту, тұрғын үй аумақтарын қалыптастыру, жаңадан игерілетін және реконструкцияланатын аумақтар мен өзге де елді мекендерді абаттандыру кезінде республикалық стандарттарға сәйкес мүгедектердің қолжетімділігін қамтамасыз ету. Алайда, қозғалу мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолжетімділік бойынша нормативтік талаптар бүкіл облыста орындалмайды. Мысалы, биылғы жылы Қарағанды қаласында Балалар мен жасөспірімдер сарайы пайдалануға берілді, нысан құрылысы кезінде кіре берісінде де, ішінде де, ішінде пандустар қарастырылмаған. 2 ИС «Қадағалау» 20171213 Заңның 25-бабының 2-тармағымен сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдар салынып жатқан (құрылысы жоспарланған) объектілер мен кешендерге мониторинг жүргізіп, оған қатысу үшін мүгедектердің қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін қосуы бекітілген. Іс жүзінде салынып жатқан нысандарға мониторинг жүргізілмейді. Жалпы, 2018-жылдан бері облыс аумағында 4 миллиард теңгеден астам сомаға 1038 балалар ойын алаңы орнатылған, алайда оларда 3644 мүмкіндігі шектеулі баланың құқығы ескерілмеген. Мүгедектерді оңалту мүгедектікті жоюға немесе мүмкін толық өтеуге бағытталған медициналық, әлеуметтік және кәсіптік шаралар кешенін қамтиды (Заңның 17-бабы). Облыста бейімделген ойын алаңдарының жоқтығы жергілікті атқарушы және уәкілетті органдардың мүмкіндігі шектеулі балалардың өмірлік маңызды функцияларын толық қамтамасыз ету

бойынша шаралар қабылдамайтындарын көрсетеді.

Көлік инфрақұрылымы мәселесіне көңіл бөлінбейді. «Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015-жылғы 26-наурыздағы бұйрығымен қоғамдық көлікке талаптар бекітілген - олар жолаушыларды отырғызу және түсіру құрылғыларымен жабдықтау тиіс, алдыңғы жақта мүгедектерге орын қарастырылуы тиіс және мүгедек жолаушыларды түсіру пункттерінде пандустар болуы қажет. Қазіргі таңда облыстағы 1600 қоғамдық көліктің 8,7 пайызы ғана мүмкіндігі шектеулі жандардың қажеттіліктері үшін жабдықталған және бұл көрсеткіш тек Қарағанды қаласына ғана тиесілі. Талдау көрсеткендей, қоғамдық көлік мүлдем бейімделмеген, қалааралық рейстер облыстағы мүгедектерді тасымалдауға дайын емес. Мүгедектерді жұмысқа орналастыру, оңалту, әлеуметтік қамсыздандыру-мәселелері бойынша кемшіліктер бар. Заңның 31-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар мүгедектерді жұмыспен қамтуды: мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу; жеке кәсіпкерлікті дамыту есебінен мүгедектер үшін қосымша жұмыс орындарын құру; мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін



арнайы, сондай-ақ әлеуметтік жұмыс орындарын құру арқылы жүзеге асырады. Жұмыс орындарының квоталарына келетін болсақ – екі жылда олар облыстағы 213 кәсіпорында (667 адам) немесе жалпы кәсіпорындар санының 0,2 пайызында (103 046) ғана құрылған. Ағымдағы жылы аталған квоталарды белгілеу туралы шешімдер әділет органдарында тіркелмеген, соның салдарынан мүгедектердің мұндай жұмыс орындары туралы ақпараты жоқ. Өз кезегінде әкімдіктердің заң қызметтері тіркеуден бас тартуды сотқа даулау бойынша шаралар қолданбаған («Құқықтық актілер туралы» Заңның 35-1-бабы бойынша). Ал басқа облыстардың әділет органдарында осыған ұқсас шешімдер тіркелген. Сонымен қатар, жұмысқа орналасу кезінде мүгедектердің физикалық ерекшеліктері ескерілмейді. Мысалы, Қарағанды қаласының Жұмыспен қамту бөлімі тірек - қимыл аппараты ауруына шалдыққан мүгедекті курьер болып ұйымдастырған, тиісінше, ол жұмыстан шығуға мәжбүр болған (мұндай фактілер аз емес). Тағы бір мысал, 2020-жылы жұмысқа орналастырылған деп көрсетілген С.А.Горшков іс жүзінде 2006-жылдан бері «Арселор Миттал Теміртау» АҚ-да жұмыс істейді. Ұсынылған ақпаратқа сәйкес жұмыспен қамтылғандардың көбісі 3-топтағы мүгедектер, олар іс жүзінде физикалық мүмкіндіктері қатты шектелмеген және өз бетінше жұмыс таба алады. 1 және 2-топтағы мүге-

дектерді жұмыспен қамту аз, жұмыс берушілер арасында бейімделген жұмыс орындарын құру бойынша түсіндіру жүргізілмейді. Осылай, 3-топтағы мүгедектер есебінен жұмыспен қамтудың жалпы статистикасы асыра бағаланады.

Мүгедектерді әлеуметтік қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі. Бүгінде әлеуметтік көмек алуға 37 мың өтініш болса, оның 66% ғана орындалып, бірнеше жылдан бері 7,5 мың өтініш (санаторлық-курорттық емдеуге және тифлотехникалық құралдармен қамтамасыз етуге өтініштер) қанағаттандырылмай отыр. Мүгедектің денесіне сәйкес келмейтін арбалар беріледі. Атап айтсақ, М.Е.Кәрім деген мүгедек балаға ересектерге арналған арбалар (дала және бөлме арбалары) берілген. Мұндай фактілер облыстың әр аймағында бар. Инклюзивті білім беру саласында көптеген кемшіліктер бар. Облыста ерекше білім беруді қажет ететін 12 мыңнан астам бала тұрады, оның ішінде 4,5 мыңы мектепке дейінгі және 8,5 мыңы мектеп жасындағылар. Үкімет қаулысымен Қазақстан Республикасының Білім мен ғылымды дамытудың 2020-2025-жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Ол инклюзивті біліммен мектепке дейінгі мекемелерде 70%, мектептерде 85% және колледждерде 55% қамту көрсеткіштерін белгіледі (2021 жылға арналған көрсеткіштер). Алайда көрсеткіштерге қол жеткізілмеген. «Мүгедек балаларды әлеуметтік-медициналық-педагогикалық түзету туралы» Заңның 8-бабының 3-тармағына сәйкес психологиялық – медициналық-педагогикалық кабинеттер (ПМПК) облыстық маңызы бар қалаларда, сондай-ақ аудан орталықтарында алпыс мың балалаға шаққанда құрылады. Облыста мұндай 5 кабинет бар – Қарағандыда - 2, Теміртау, Балқаш және

Конституциясының 83-бабын, «Прокуратура туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабын басшылыққа алып, - **ҰСЫНАМЫН:**

1. Осы ұсынуды қарап, заң бұзушылықтарды жоюға және келешекте олардың алдын алуға бағытталған шаралар қабылдануды, ол үшін:

- мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамдық бірлестіктерінің өкілдерін тарта отырып, тез арада, салынып жатқан объектілердің тізбесін жасау және мониторинг жүргізу (облыс бойынша);

- әлеуметтік және көлік инфрақұрылымының объектілерін талапқа сай келтіру бойынша шаралар қабылдау (қоғамдық көлікті бейімдеу, оның ішінде қалааралық тасымалдауды ұйымдастыру);

- жұмысқа орналасқан мүгедектердің саны туралы ақпаратқа аудит жүргізу (статистикалық ақпаратты бұрмалау фактілерін болдырмау), мүгедектерді жұмысқа олардың физикалық ерекшеліктерін ескере отыры орналастыруға шаралар қабылдау және статистикалық ақпараттың бұрмалануына жол бермеу;

- мүгедектерді толық әлеуметтік пакетпен тиісті түрде қамтамасыз ету бойынша жұмысты ұйымдастыру (оның ішінде мемлекеттік қызметтер порталының жұмысындағы кемшіліктерді зерделей отырып, оларды жою шараларын қабылдау);

- тиісті материалдық-техникалық жарақтандырумен инклюзивті білім беру ұйымдарының желісін кеңейту бойынша шаралар қабылдау (оның ішінде осы саладағы мамандар тапшылығын толтыру шараларын қабылдау);

2. Кінәлі лауазымды тұлғаларды заңда белгіленген жауапкершілікке тарту мәселесін қарастыру.

3. Ұсынуды қарау нәтижелері және қабылданған шаралар туралы растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса бере отырып, 20.11.2021-жылға дейін облыс прокуратурасына хабарлансын.

Облыс прокуроры Қ.Игембаев.

Осынау келіп түскен ұсынымға байланысты Приозерск қаласының тиісті орындары да жедел әрекетке көшті. Атап айтқанда, Приозерск қаласы әкімінің әлеуметтік және мүгедектер істері мәселесі бойынша кеңесшісі (осы жазба ауторы) Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков, «Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің бас маманы Қайрат Нұрланұлы Қайырғалиев, «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалы төрағасының кеңесшісі Мадина Серікпайқызы Жартыбаева және Приозерск қаласының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бас маманы Гүлжан Нұрмұрадқызы Тұрдымұратовамен біргелікте қаладағы Балқаш көшесі бойындағы жаңадан салынып, құрылысы бітуде таяған 5 қабатты тұрғын үйде және «Кисунько» көшесінің бойында орналасқан қайта құрылысы бітуде жақын қалған «24 сағат» дәріханасында болып, пандустарының

Жезқазған қалаларында бір-бірден. Балалар санын ескере отырып, облыстың тағы 6 аймағында (Балқаш, Приозерск, Ақтоғай, Нұра, Ұлытау, Шет) ПМПК бөлімшелері қажет. Бұл ретте, қазіргі кезде ПМПК-ға қабылдауға жіберілген балалардың кезегі 927 бала болып тұр және олардың саны күн сайын артып келеді. Жетіспеушілік бойынша осындай проблемалық мәселелер түзету кабинеттерінде, оңалту орталықтарында және мамандандырылған балабақшаларда бар. 4 ИС «Қадағалау» 20171213 Талдау аясында басқа да бұзушылықтар анықталды, олар қосымша анықтамада толығырақ көрсетілген. Бұл саладағы заң бұзушылықтар тиісті салалардағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және осы мәселелерді шешу жүктелген халықты әлеуметтік қорғау, сәулет-құрылыс бақылау, жолаушылар тасымалы саласындағы уәкілетті органдардың, жергілікті атқарушы органдардың жұмысы тиісті деңгейде еместігін көрсетеді. Жоғарыда баяндалғандардың негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы



талапқа сай орнатылуын қадағалап, арнайы нұсқаулар берілді. Балқаш көшесі бойындағы жаңа үйді аяқтау жұмыстарын жүргізіп жатқан мердігерлік ұжымның жауапты тұлғасы Қуаныш Қырықбаевпен әңгімелесіп, пандустарды дұрыстап орналастыру және мүгедектер жағдайына байланысты қолайлылықтар жөнінде кеңес берілді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ
Суреттерде: тексерістен көріністер.



ИММУНИЗАЦИЯ - ЕДИНСТВЕННЫЙ ЭФФЕКТИВНЫЙ СПОСОБ ЗАЩИТИТЬСЯ ОТ COVID-19

С момента появления вакцины против коронавирусной инфекции привито несколько миллиардов взрослых во всем мире различными вакцинами против коронавируса. Вакцины против коронавирусной инфекции имеют высокий уровень безопасности, уменьшают тяжелые случаи заболевания и госпитализаций, способствуют снижению смертности коронавирусной инфекции.

Широко распространенная вакцинация от COVID-19 – важное средство для защиты от коронавирусной инфекции всех, кто находится в группе повышенного риска, от тяжелых осложнений и смерти коронавирусной инфекции.

Вакцина производства Пфайзер рекомендована Всемирной организацией здравоохранения (ВОЗ) для вакцинации детей и подростков в возрасте от 12 до 18 лет, беременных и кормящих мам.

Для предупреждения коронавирусной инфекции среди детей и подростков в возрасте от 12 до 18 лет, беременных и кормящих мам в Казахстане обеспечена доступность вакцины производства Пфайзер, которая имеет доказательную базу безопасности и высокой эффективности в данных группах населения.

В Казахстане вакцинация против коронавирусной инфекции проводится бесплатно и является добровольной. Согласно 77 статье Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», любая медицинская процедура, в том числе и вакцинация, проводится только с согласия прививаемого. Вакцинация подростков с 12 до 17 лет допускается только с информированного письменного согласия родителей или их законных представителей. Административной или уголовной ответственности за отказ от вакцинации в Казахстане не предусмотрено.

Вакцинация подростков в возрасте от 12 до 18 лет проводится в прививочных кабинетах организаций образования, по желанию родителей или законных представителей подростки могут привиться в прививочных пунктах медицинской организации. Медицинская организация, к которой

прикреплена школа, обеспечивают подготовку медицинских работников прививочных бригад для вакцинации подростков.

Для обеспечения безопасности и эффективности вакцины на разных уровнях хранения и транспортировки обеспечивается «холодовая цепь». Вакцина производства Пфайзер хранится при температуре минус 60-90°C на областных складах управлений здравоохранения.



В прививочных пунктах организаций образования и медицинских организации хранится при температуре плюс 2-8°C сроком до 31 календарного дня.

Медицинская организация к которой прикреплена школа и руководство школы обеспечивают:

- укомплектование прививочных кабинетов в соответствии санитарно-эпидемиологическим требованиям согласно приказа № 361 МЗ РК;

- наличие препаратов для оказания первой медицинской помощи;

- разграничение потоков прививаемых лиц для предупреждения скученности;

- выделение помещений для ожидания до вакцинации и отдельно помещение для наблюдения после вакцинации с условием соблюдения социальной дистанции;

- привлечение психологов школ и

медицинской организации к вакцинации подростков против COVID-19.

Перед вакцинацией вакциной производства Пфайзер

- проводится осмотр и опрос прививаемого лица от 12 до 18 лет в присутствии родителей или законных представителей;

- при отсутствии противопоказаний к иммунизации оформляется допуск к проведению прививки,



- прививаемому лицу и/или его родителям (законному представителю) предоставляется полная и объективная информация о профилактической прививке, возможных реакциях и НППИ, последствиях отказа от прививки.

После вакцинации

Привитое лицо находится под наблюдением медицинского работника в течение 30 минут после вакцинации по месту получения вакцины.

После вакцинации могут быть следующие ожидаемые реакции:

- боль, припухлость в месте инъекции, утомляемость, головная боль, мышечная боль, боль в суставах, озноб, диарея, лихорадка; некоторые из перечисленных реакций у подростков в возрасте от 12 до 15 лет встречались несколько чаще, чем у взрослых;

Коронавирус

-покраснение в месте инъекции, тошнота, рвота;

-увеличенные лимфоузлы, недомогание, боль в руке, бессонница, зуд в месте инъекции, аллергические реакции, такие как сыпь или зуд и др.

В случае возникновения неблагоприятных последствий после иммунизации - НППИ необходимо обратиться за медицинской помощью!

Противопоказания к вакцинации вакциной производства «Пфайзер»:

- аллергия на действующее вещество или любые другие компоненты препарата; наличие аллергии на яйца или желатин не является противопоказанием или предостережением для вакцинации, так как вакцина не содержит эти компоненты.

- возраст до 12 лет;

- беременность до 16 недели.

Вакцинацию против коронавирусной инфекции следует отложить для лиц с острыми инфекционными заболеваниями и в период обострения хронических заболеваний.

График вакцинации вакциной производства «Пфайзер»:

Доза 1 – любой нулевой день;

Доза 2 – с интервалом от 21 до 28 дней после получения первой дозы.

Преимущества вакцинации:

- предупреждает тяжелое течение и осложнения инфекции;

- защищает не только привитых, но и окружающих (братьев, сестер, родных);

- формирует «коллективный иммунитет»;

- «паспорт вакцинации», полученный после иммунизации, упростит ваши путешествия.

Перед проведением вакцинации обследование на наличие КВИ и антител к коронавирусу не проводится.

Переболевшие КВИ подлежат вакцинации против КВИ через 6 месяцев после выздоровления, с учетом оценки состояния перед вакцинацией. Допускается вакцинация переболевших КВИ через 3 месяца после выздоровления.

Т.С.Зарубков,

**врач-эпидемиолог КГП «Центральная больница г.Приозерск»,
моб тел: 8700123237**

Жат қылықтан аулақ бол!

Ел болашағы, ұлт болашағы қашанда жастардың қолында. Сондықтан, ел тірегі болар жастардың толыққанды рухани адамгершілік және ұлттық мәдени дамуын қамтамасыз ету, салауатты өмір салтын ұстануға баулу, бәсекеге қабілеттіліктерін дамыту, психикалық саулығын нығайту маңызды міндеттеріміздің қатарында.

Әлемді жаулаған кеселдердің бірі - нашақорлық, алкоголь мен темекі. Кәмелеттік жасқа толмағандар мен жастар арасында есірткіні қолданудың етек алуы басты мәселелеріміздің бірі десекте болады. Осы орайда Приозерск қаласының жалпы білім беру ұйымдарында аталған тақырып бойынша алдын алу іс-шаралары толығымен атқарылып жатқанын жеткізгі-

ЖАЛШЫ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ АЛКОГОЛЬДІ ЖӘНЕ ПСИХОТРОПТЫ ЗАТТАРДЫ, ЕСІРТКІ ӨНІМДЕРІН ҚОЛДАНУҒА ҚАРСЫ ІС-ШАРАЛАР


міз келеді. Іс шаралар түрлі тақырыппен сан түрлі форматта өткізілуде. Оқушылардан бөлек, ата-аналар қауымдастығымен де кері байланыс жасалып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп келеді.

Кәмелетке толмаған балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінуі тиіс. Биылғы оқу жылынан бастап қаламыздағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығындағы барлық үйірмелер мен спорт секциялары барлық санаттағы оқушылар үшін тегін. Осы керемет жаңалықты

әр ата-ана өз баласының бос уақытын тиімді өткізу үшін пайдаланса, нұр үстіне нұр болатын еді. Себебі түрлі жағымсыз әдеттер балалардың бос уақытының қараусыз және көп болуынан пайда болады.

Ұлтымызды аландатып, ұрпағымызды кісілік қасиеттен айыратын осындай ғасыр дертіне қарсы күрес отбасынан, мектептен және саналы әр азаматтың өз жүрек түбінен шығуы тиіс деп ойлаймын.

Дана халқымыз «Тәрбие басы - тал бесік», -деп бекер айтпаған. Жат қылықтарға қарсы тәрбиені отбасы ошак қасынан



бастауға шақырамын.

Айдана Жакупова,
Қарағанды облысы «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ-нің әдіскері

НАЗВАНА ГЛАВНАЯ ПРИЧИНА ПЕРЕБОЕВ НА РЫНКЕ ГОРЮЧЕГО В КАЗАХСТАНЕ

Неэффективное планирование ремонтных работ на НПЗ остается главной причиной неудовлетворительного обеспечения рынка республики горючим.

Министр энергетики Магзум Мирзагалиев провел выездное совещание с участием руководителей нефтеперерабатывающих заводов Казахстана. В ходе встречи глава ведомства подчеркнул, что в текущем году отечественные предприятия не справились с задачей по снабжению республики дизельным топливом и авиакеросином.

– Несмотря на модернизацию НПЗ, заводы регулярно останавливаются на ремонт в самый неподходящий момент. В условиях растущего потребления ежегодные 25-дневные остановки – непозволительная роскошь, – заявил Магзум

Мирзагалиев.

И поручил руководству АО «КазМунайГаз» разработать новый план ремонтных работ на ближайшие пять лет с тем расчетом, что на капремонт может быть оставлено лишь по одному НПЗ в год. По мнению министра, действующий регламент ремонтных работ также устарел.

В ходе выездного совещания Магзуму Мирзагалиеву доложили о том, что во время ремонта на Павлодарском нефтехимическом заводе была выявлена неисправность устранить которую якобы смогут только через пять месяцев. А на протяжении этого срока ПНХЗ сможет ежемесячно производить солярки на 20–40 тыс. тонн меньше запланированного.

В связи с этим глава ведомства поручил

руководству АО «КазМунайГаз» совместно с НПЗ сформировать запасы до начала весенне-полевых работ, в том числе за счет импорта нефтепродукта. Кроме того, глава Минэнерго акцентировал внимание на необходимости своевременной реализации проекта «Ертiс», направленного на производство зимнего дизельного топлива.

– Нестабильная работа ПНХЗ негативно влияет на обеспечение внутреннего рынка. Это, безусловно, скажется на балансе. Мы можем снова оказаться в ситуации без накопленных запасов дизтоплива к весенне-полевым работам, – сказал глава Минэнерго.

По данным нацкомпании, проведенная в 2017 году модернизация всех трех НПЗ позволяет полностью обеспечивать внут-

Актуально!

решный рынок нефтепродуктами. Так, в стране производится 4,96 млн тонн бензинов, 5,14 млн тонн дизтоплива и 623 тыс. авиатоплива. Однако на ситуацию с дизелем в текущем году повлияло искусственное сдерживание цен, обернувшееся массовым вывозом казахстанского горючего в соседние республики, сообщил заместитель председателя правления АО Данияр Тиесов.

В качестве действенных мер нацкомпания предлагает внести в Закон «Об обороте нефтепродуктов» требование по обязательному оснащению всех нефтебаз и топливно-заправочных комплексов аэропортов контрольными приборами учета. А также рекомендует обязать крупные сети АЗС иметь в наличии двухнедельные неснижаемые запасы нефтепродуктов.

Источник: <https://kazpravda.kz/news>